

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
IMS OF LN GUMILYOV ENU  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ  
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE  
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ  
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»  
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ  
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

*Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының*

**ЕҢБЕКТЕРІ**

**ТРУДЫ**

*Международной научно-практической конференции*

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ  
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ  
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

*Works of the international scientific- practical conference*

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS  
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE  
OF TURBULENCE»**

**2 часть**

**2015**

**Астана**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5  
Ә 52

### Редакция алқасы

*МАДИЯРОВА Д.М.* – төрағасы, э.ғ.д., профессор  
*РАХМЕТУЛИНА Ж.Б.* – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі  
*АХМЕТЖАНОВА С.Б.* - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты  
*АЗАТБЕК Т.А.* – э.ғ.д., профессор  
*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* – э.ғ.д., профессор  
*РАИМБЕКОВ Ж.С.* – э.ғ.д., профессор  
*ШАЛБОЛОВА У.Ж.* – э.ғ.д., профессор  
*КӘРІБАЕВ Ә.А.* - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»  
*СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.* - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры  
*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

**ISBN 978-601-301-521-7**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

**ISBN 978-601-301-521-7**

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.М. Бержанова, А.Е. Сапаралиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық  
университеті, Астана қ. Қазақстан

«Туризм» анықтамасы біздің елімізде ұзақ уақыт бойы табыс табу көзі, экономиканың бір саласы ретінде емес, спортпен және денсаулықты жақсартумен байланысты болды. Бірақ бірте-бірте өндіріс күшінің өсуіне байланысты әлеуметтік еңбектің жаңа бір нысаны бөлініп, оның негізгі міндеті халыққа жан-жақты демалыс түрлерін ұйымдастыру болды. Осыдан туризмді ұлттық экономиканың саласы ретінде қарастыра бастады [1].

Біздің ойымызша «туризм индустриясы – бұл табиғаттағы рекреациялық байлығына сүйенетін, сервис инфрақұрылымының барлық формалары кіретін демалу және көңіл көтеруге қоғамның сұранысын қанағаттандыратын қиын, шаруашылық, өндірістік және әлеуметтік қызметтің көпқырлы жүйесі».

Ұлттық экономиканың кез келген классификациясының негізін қоғамдық еңбек бөлінісі мен оны саралау деңгейі құрайды. Яғни туризмнің жеке салаға бөлініп шығуының негізі осында.

Қазіргі таңда туризм дүниежүзілік экономикаға тұтастай, сонымен қоса жеке мемлекеттер мен аймақтардың экономикасына әсер етіп, әлемдік шаруашылықтың қалыптасып дамуына ықпал етуде. Туризмнің қызметі халықтың арнайы қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл қажеттіліктерді тек туристік кәсіпорындар ғана емес, басқа да сала кәсіпорындары қанағаттандырады. Яғни, туризмнің экономиканың дамуына әсері жоғары. Туризм әлемдік интеграциялық үдерістердің бір факторы, ал туристік бизнес экономиканың маңызды секторына айналуға.

Туризм индустриясы тек мұнай табысымен бәсекелес бола тұрып, бүгінгі таңда әлемдік экономикада және де Қазақстан экономикасында ең серпінді дамып жатқан саланың бірі.

Туризм сферасы әлеуметтік – тұрмыстық инфрақұрылымның салааралық кешені ретінде әлемдік экономикада басты рөлді алады, әлемдік ұлттық өнімнің 1\10 бөлігін қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде әрбір тоғызыншы қызметкер туризм сферасында жұмыс істейді. Туризм үлесіне әлемдік капиталдың шамамен 7%-ы, салық түсімдерінің 5%-ы, тұтынушы шығындарының 11%-ы келеді. Туризм тек қана экономикалық мағынаға ғана емес, сонымен қоса мемлекетаралық байланыстардың әлеуметтік және мәдени дамуына ықпалын тигізіп, халықтың танымдық деңгейін көтереді [2].

Әлемдік туристік нарықтың дәстүрлі аудандары өзінің рекреациялық сыйымдылығының шегіне іс жүзінде жеткендіктен, туризмнің өсуі туристер баратын жаңа аймақтар есебінен басым дамиды болады. Осыған байланысты,

Қазақстанның әлемдік туристік нарықта өзінің лайықты орнын табуға бірегей мүмкіндігі бар.

Қазіргі туризм еңбекшілердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығуымен байланысты, мұның өзі адамның демалуға және бос уақытын өткізуге деген негізгі құқығын тану болып табылады. Ол жеке адамды, адамдар мен халықтар арасындағы өзара түсінікті дамытудың факторларына айналды.

Халықаралық туризм тәжірибесіне сүйенсек, туризм жалпы алғанда, мемлекеттің экономикасына үш оң нәтиже береді:

1. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды;

2. Жұмыссыздықты азайтады, туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайтыны айқындалған;

3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

Осы аталған нәтижелерге жету үшін осы саланы мемлекеттік реттеудің дұрыс әдістерін таңдаумен тікелей байланысты. Яғни, туризмді кешенді дамыту үшін мемлекеттік реттеудің басты бағыттары ретінде келесілерді көрсетуге болады:

- туризмнің Қазақстан экономикасының жоғарғы рентабельді саласы ретінде қалыптасуы;

- туристік ресурстарды қолдану барысында мемлекеттік мүдделерді есепке ала отырып, табиғи және тарихи-мәдени мұраларды қорғау;

- туристік индустрияны инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- Қазақстан Республикасы территориясында ішкі және шығу туризмімен айналысатын туристік ұйымдарды қолдау және дамыту;

- ішкі және халықаралық туризм қажеттіліктерін қамтамасыз ететін тиімді туристік қызмет жүйесін құру.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында «Экономиканы әртараптандырудың және Қазақстан Республикасы халқының әл-ауқаты мен өмір сапасының деңгейін арттырудың ұлттық мақсаттарына қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының туризм индустриясы, туризмнің ішкі және халықаралық нарықтарында тартымды туристік өнімдерді ұсынатын, туризмнің кәсіби мамандары шұғылданатын бәсекеге қабілетті туристік бизнесі бар белгілі бір туристік кластерлерде дамуы тиіс. Осы бағыттағы даму барлық жұмылдырылған мүдделі тараптар - мемлекет, бизнес және қызметкерлер үшін туристік қызметтен түсетін кірістердің қуатты және тұрақты өсуіне ықпал етуі тиіс» баяндалған [3].

Сондай-ақ туризм тек қана экономикалық емес, сонымен қоса әлеуметтік-мәдени маңызға ие. Себебі ол елдер арасындағы мемлекетаралық байланыстардың және мәдени айырбастың дамуына ықпалын тигізеді, аймақаралық байланыс көлемін арттырады, халықтың танымдық деңгейін көтереді. Осы орайда бұл саланың оң және теріс жақтарын да атап өткен дұрыс.

Туризм индустриясының оң жақтары:

- аудандарда әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы;

- туризм сферасында жұмыс істейтіндердің өсуі;
- экономиканың басқа салаларымен бәсекелестіктің артуы;
- аудандардың білім және ғылым потенциалының өсуі;
- агломерацияға антропогенді әсердің азаюы;
- инвестициялық бағдарламалардың тез өтелуі.

Теріс жақтарына:

- ЖІӨ құрамында табыстарды иррационалды үлестіру;
- өндірістік инфрақұрылымның кейбір салаларының стагнациясы;
- туризм индустриясына басқа экономика салаларының экономикалық бағыныштылығы;
- игерілмеген табиғи территорияларға антропогенді әсердің өсуі.

Біздің атап өткен туризм индустриясы дамуының оң және теріс жақтары тұрақты емес, олар біздің ұлттық экономикамыздың жаңа секторларының қалыптасуына байланысты өзгертіліп және толықтырылып тұрады.

Туризм индустриясының оң және теріс жақтары оның экономикадағы және қоғамдағы орнын анықтайтын факторлардың бір бөлігі.

Қазақстандағы туризмнің нашар дамуына, мемлекеттің, қоғамық-құқықтық және жеке құрылымдардың арасында өзара байланыстың жоқтығы, экономикалық механизмнің жетілмегендігі тән. Туризм сферасындағы макротенденциялар туризмнің тек бір сегментінің – шығу туризмнің артықшылықта екенін анықтады. Сонымен бірге, Қазақстанда келу туризмін дамытудың да алғышарттары іс жүзінде бар, себебі республикада табиғи және рекреационды ресурстар, мәдени, тарихи, сәулет және археологиялық ескерткіштер мол.

Қазақстандағы қазіргі заманғы туризм дамуының деңгейі қолда бар туристік әлеуетті толығымен пайдалануға мүмкіндік бермей отыр. Туристік сфера дамуының төмен деңгейі туризм сферасын экономикалық реформалау жөніндегі ғылыми өңдеулердің тіптен болмауына байланысты. Қазақстанда туризм сферасында тәжірибелік ұсынуларды жасау үшін кешенді және жүйелік талдау өткізетін ғылыми-зерттеу құрылымы жоқ. Сондықтан қазіргі заманғы сатыдағы туризм дамуының экономикалық механизмін зерттеудің өзекті мәні бар.

Қазақстандағы туризм индустриясының дамымай қалуының негізгі себептерінің бірі оған экономиканың саласы ретінде мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінбеді және шындап қолға алынбады. Туризмді аймақтық ұйымдастыруға және мемлекеттік емес туристік құрылымдарды кешенді болжауға, ұзақ мерзімді жоспарлауға назар аударылмады. Туризм табысының үлкен бөлігі жергілікті бюджетке түсетіндігіне қарамастан, жергілікті басқару органдарының туристік қызметті болашағы бар сала ретінде мойындамаулары болып табылады.

Біз осы орайда Қазақстанның туризм индустриясының альтернативтік және де бірыңғайландырылған құрылымын ұсынуды жөн деп санаймыз.

Оның негізгі айырмашылығы табиғи рекреациялық потенциалды енгізу. Қазақстан үшін табиғи рекреациялық потенциал факторы оның масштабтылығы, әр түрлілігі және қайталанбайтындығы жағынан тең

келмейтін байлық. Қазақстан экономикасының қазіргі даму сатысында, туризм индустриясына құйылатын қаржының жетіспеушілігі кезінде, бұл фактор оның құрылымының басты элементі болуы керек. Көрсетілген құрылым туризм индустриясының қазіргі бөлімін қамтиды және Қазақстан Республикасының жаңа туристік саясатының құрылуына негіз бола алады. Қазақстанда туризм индустриясының дамуы мемлекеттің бюджетіне қаржы түсіріп, туризммен байланысты және Қазақстан экономикасының басқа салаларына қатысты қиын әлеуметтік, экологиялық, демографиялық және басқа проблемаларды шешуге көмектеседі [4].

Қазақстанда туризм саласы, мол табысты болуы үшін туристік нарыққа қатысушылардың, яғни мемлекеттік және жеке секторларды нығайту керек. Мұнда үкіметтің басты рөлі даму саясаты мен туристік индустриясын мемлекетаралық, мемлекеттік, жеке деңгейлерде жоспарлауды үйлестіру болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ердаuletov С.Р. География туризма: история, теория, методы практика. — Алматы, 2000. — 336 с.
2. <http://www.stat.gov.kz/>
3. "Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы.
4. Үстенова Ө.Ж., Жүнісбекова Б.Б. Халықаралық туризм - Алматы: Экономика, 2013.- 199 б.

ӘОК 336.225.3

## **ОРТА ЖӘНЕ КІШІ БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІН ДАМЫТУДЫ САЛЫҚТЫҚ ҢНТАЛАНДЫРУ**

М.К. Бикенова

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қ. Қазақстан

Жалпылай қарағанда нарықтық экономикада орта және кіші кәсіпкерлік көптеген жаңа жұмыс орындарының пайда болуын, экономиканың инновациялық әлеуетінің дамуын, өндірісті ұйымдастырудың жаңа түрлерін іздеу және енгізу, сату және қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Ел экономикасының тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейде болуының кепілі ол - орта және кіші бизнес. Сондықтан да орта және кіші бизнесті қолдау саясаты міндетті түрде іске асырылуы қажет және бұл қолдау мемлекет тарапынан белсенді түрде жүзеге асыруы тиіс. Бұл мемлекеттік қолдау салықтық жеңілдіктер арқылы жүзеге асады. Салықтық жеңілдіктер орта және кіші бизнес субъектілерін дамытуды ынталандырады. Бұл